

"Базалық жоғары оқу орындарында магистрлер мен PhD докторларын нысаналы даярлау тетігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 22 мамырдағы № 235 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 8 қазандағы № 551 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 қазанда № 17519 болып тіркелді

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-6) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Базалық жоғары оқу орындарында магистрлер мен PhD докторларын нысаналы даярлау тетігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 22 мамырдағы № 235 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7707 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 13 маусымдағы № 183-184 сандарында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында PhD философия докторларын нысаналы даярлау қағидалары";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Базалық жоғары оқу орындарында магистрлер мен PhD докторларын нысаналы даярлау тетігі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

E. Сагадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
2018 жылғы 8 қазандагы
№ 551 бұйрығына
қосымша

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (PhD) философия докторларын нысаналы даярлау қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (PhD) философия докторларын нысаналы даярлау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-6) тармақшасына сәйкес әзірленді және (PhD) философия докторларын нысаналы даярлау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) (PhD) философия докторларын нысаналы даярлау - мұдделі тараптар келісімінің негізінде жоғары оқу орндарының (бұдан әрі - ЖОО) және ғылыми ұйымдардың жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен немесе ақылы негізде жүзеге асырылатын шаралар жүйесі.

3. (PhD) философия докторларын нысаналы даярлау (PhD) докторларын даярлайтын ЖОО-да жүзеге асырылады.

4. (PhD) философия докторларын нысаналы даярлаудағы құқықтық қатынастар субъектісі:

- 1) білім беру саласындағы уәкілдегі орган;
- 2) (PhD) философия докторларын нысаналы даярлайтын ЖОО - базасында (PhD) философия докторларын нысаналы даярлау жүзеге асырылатын ЖОО;

3) нысаналы даярлауға тапсырыс беруші (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) (PhD) философия докторларын нысаналы даярлау жүргізетін ЖОО немесе ғылыми үйим;

4) (PhD) философия докторларын нысаналы даярлау бойынша білім алушы - Тапсырыс берушінің нысаналы тапсырысы шенберінде ЖОО-да білім алушы.

2-тaraу. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйимдарында (PhD) философия докторларын нысаналы даярлаудың тәртібі

5. (PhD) философия докторларын нысаналы даярлау жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйимдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе ЖОО немесе ғылыми үйимдардың тапсырысы бойынша ақылы негізде ЖОО-да тапсырыс берілген бағыттарда жүзеге асырылады.

6. Тапсырыс берушілер білім беру саласындағы уәкілдепті органға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша (PhD) философия докторларын нысаналы даярлауға жыл сайын тапсырыс беріп отырады.

7. Тапсырыс беруші (PhD) философия докторларын нысаналы даярлау шенберінде түсі үшін бөлінген нысаналы орынға бірнеше кандидатураларды ұсына алады.

8. Тапсырыс берушілерден алғынған (PhD) философия докторларын нысаналы даярлау жөніндегі өтінімдердің негізінде білім беру саласындағы уәкілдепті орган нысаналы даярлау шенберінде ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларға деген жалпы қажеттілікті қалыптастырады.

9. (PhD) философия докторларын нысаналы даярлау бойынша қабылдау Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйимдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Нысаналы даярлау шенберінде (PhD) философия докторларын нысаналы даярлауды жүргізетін ЖОО-ның қабылдау комиссиясы қабылдауға ұсынған тұлғалар 25 тамызға дейін білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасады.

11. Білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың нысаны Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес әзірленеді.

(PhD) философия докторларын
даярлайтын жоғары оқу
орындарында (PhD) философия
докторларын нысаналы даярлау
қағидаларына
1-қосымша
үлгі

(PhD) философия докторларды мақсатты даярлауға өтінім _____

(ЖОО/ғылыми үйимның -

тапсырыс берушінің атауы)

Мамандықтың коды және бағыты	Қажеттілік	(PhD) философия докторларын нысаналы даярлауды жүргізетін ЖОО-ны атап
Барлығы:		

ЖОО/ғылыми ұйымның жетекшісі Т.А.Ә.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК